



201\_\_жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ данасы

экз. № \_\_\_\_\_

№ исх: 17-43/1484 от: 15.06.2017

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына,  
«Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшелері  
К.И. Мұсырманға  
М.А. Айсинаға**

2017 жылғы 18 мамырдағы  
№ ДС - 136 хатқа

### **Құрметті депутаттар!**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) қызметіне қатысты депутаттық сауалды қарап мынаны хабарлаймыз.

Мемлекеттік корпорация өзінің құрылған сәтінен бастап, жүйелі түрде бизнес-үдерістерді жетілдіріп және озық технологияларды енгізіп, азаматтарға мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің «бір терезе» қағидаты бойынша ең кең спектрін көрсетуді қамтамасыз ету жөніндегі миссияны үдемелі іске асыруда.

Бүгінгі күнге Мемлекеттік корпорацияның құрылымы еліміз бойынша шамамен үш жүз елу фронт-офистерді біріктірді, онда жиырма мыңнан астам қызметкерлер жыл сайын отыз жеті миллионнан аса қызметтерді көрсетеді.

723 түрлі көрсетілетін қызметтен құралатын мемлекеттік қызметтердің жалпы тізбесінен Мемлекеттік корпорация арқылы 75%-дан астамы қолжетімді немесе 548 көрсетілетін қызмет. Осы санды 85%-ға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Бұдан басқа, денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз ортаны жасауға және жайлылықты қамтамасыз етуге ерекше назар аударылуда.

Сонымен бірге азаматтардың шағымдарын талдау қорытындылары бойынша Мемлекеттік корпорацияның дамуында жаңа тәсілдер әзірленді, олар ағымдағы жылдың мамыр айында Үкіметтің кеңестері мен отырыстарында қарап, қорытындылары бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тиісті тапсырмалар берілді.

*Көлік құралдарын тіркеу/қайта тіркеу кезінде анықтамаларды алуға қатысты*

Көлік құралдарына әкімшілік айыппұлдар туралы ақпаратты алу мүмкіндігін беру мақсатында өткен жылдан бастап тиісінше ақпарат және коммуникациялар, ішкі істер министрліктерінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» және «Бақылау» ақпараттық жүйелерін интеграциялау жүргізілді. «Дербес шоттарды басқару орталығы» ақпараттық жүйесімен де интеграциялау арқылы МХҚКО қызметкерлеріне көлік салығы бойынша ақпаратты қарау мүмкіндігі бойынша функционал іске асырылды.

Осы шаралар көрсетілетін қызметті алушыға айыппұлдарды «онлайн» режимінде немесе МХҚО ғимараттарында орналасқан екінші деңгейдегі банктердің кассалары арқылы төлеуге мүмкіндік береді.

*Азаматтарды құжаттандыруға және уақытша тіркеуге қатысты*

Азаматтарды құжаттандыру және тіркеу бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру шеңберінде осы процесстерге тартылған ақпараттық жүйелерді интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілді, бұл азаматтарды құжаттандыру үшін қажетті құжаттар топтамасын бір құжатқа - жеке куәлікке дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлеріне уақытша тіркеу бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде азаматтарға жедел қызмет көрсету мақсатында осы ақпараттық жүйелердің бағдарламалық қамтамасыз етілуіне қолжетімділік берілді.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта осы жүйелерді өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілуде, бұдан әрі ол электрондық түрде де тұрғылықты жері бойынша тіркеуді рәсімдеу кезінде тұрғын үйге меншік құқығы туралы мәлімет алуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде эксаумақтық қағидаты қолданылады, яғни азаматтар төлқұжатты және жеке куәлікті ресімдеуге, автомобильді тіркеуге, өзінің тіркеу орнына қарамастан еліміздің кез келген өңірінде жүргізуші куәлігін алуға мүмкіндік бар.

*Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялауға қатысты*

Бүгінгі күні, ХҚКО интеграцияланған ақпараттық жүйесі мемлекеттік органдардың 47 ақпараттық деректер қорымен интеграцияланған және оның одан әрі дамуы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жоспарлануда, онда мемлекеттік қызметтерді белсенді көрсету қағидаты бойынша іс-шаралар көзделіп отыр, бұл қызметтердің толық электрондық форматта, келудің қажеттілігінсіз көрсетілуіне көшіруге мүмкіндік береді.

Мысалы, бала туылғаннан кейін оның ата-аналарына Мемлекеттік корпорацияға жүгінбей не «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы балаға ТАӘ көрсету, жәрдемақыларды алу үшін шоттың нөмірін және балабақшаға кезекке қою үшін тұратын өңірді көрсету ұсынысымен автоматты түрде СМС-хабарлама келіп түсетін болады. Одан кейін азаматқа Мемлекеттік корпорациядан тек дайын нәтижені алу жеткілікті.

Сонымен бірге, азаматтардан «қағаз түрінде» түрлі анықтамаларды талап етуді болдырмау мақсатында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялау бойынша жұмыстар жүргізілуде, «электрондық үкімет» веб-порталында СМС-хабарлама арқылы азаматтың келісімін алу жолымен олардың дербес деректерін алу тетігі іске асырылатын болады.

Сонымен қатар, электрондық қызметтерді электрондық цифрлық қолтаңбасыз (бұдан әрі – ЭЦҚ) біржолғы пароль негізінде алу мүмкіндігі енгізілуде. Бірінші кезеңде ЭЦҚ-сіз алуға болатын 20 қызмет іске асырылатын болады, азаматтар үшін сұранысқа ие әлеуметтік маңызды көрсетілетін қызметтер бойынша қолжетімділікті айтарлықтай жеңілдетеді.

*«Әлеуметтік төлемдердің ведомствоаралық есептеу орталығы» департаменттерін (бұдан әрі – департамент) орналастыруға қатысты*

Бүгінгі күні Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша департаменттерді орналастыру үшін ғимараттарды және үй-жайларды босату мәселесі оң шешілді (а.ж. маусымның аяғына дейін босату жоспарлануда).

Бұл ретте осы департаменттердің жұмыс кестесі Мемлекеттік корпорация жұмысының бірыңғай қағидаты бойынша белгіленеді сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін.

*МХҚКО құрылысына қатысты*

Қазіргі уақытта МХҚКО 12 қалаларда (Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Талдықорған, Тараз және Шымкент) жұмыс істейді, бұдан басқа түскен талаптарға байланысты Алматы, Сайрам және Түркістан қалаларында көлік құралдарын тіркеу бойынша секторлар ашылды.

Жаңа бастамаларға мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлуге мораторий белгіленуіне байланысты Атырау, Көкшетау, Орал және Өскемен қалаларында МХҚКО құрылысын мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі бойынша жүзеге асыру жоспарлануда, ал Астана және Алматы қалаларында екінші МХҚКО ашу мәселесі бойынша тиісті әкімдіктермен пысықтау жүргізілуде.

*Жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу, шетелдіктерді тұрғылықты жерлері бойынша тіркеу функцияларын беруге қатысты*

Жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу бойынша функцияларды Мемлекеттік корпорацияға кезең-кезеңмен беру мақсатында, 2017 жылдың наурызынан Мемлекеттік корпорация Әділетминімен бірлесіп, әділет органдарының сегіз аумақтық бөлімшелерінде пилоттық жоба іске қосылды.

Ағымдағы жылғы қыркүйектен бастап шетелдік азаматтарды тұрғылықты жерлері бойынша тіркеу функциясын беру бөлігінде Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік корпорацияның пилоттық жобасын іске қосу жоспарлануда, оң нәтиже болған жағдайда, аталған пилоттық жоба Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын болады.

*Жұмыспен қамту орталықтарын Мемлекеттік корпорацияға орналастыруға қатысты*

Қазіргі уақытта 199 Халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – ХЖҚО) қызмет көрсетуде, онда 1980 қызметкер жұмыс жасайды.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде азаматтардың мәртебесін айқындау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетулер жөнінде жұмыс жүргізуді сапалы ұйымдастыру мақсатында 237 халыққа қызмет көрсету орталықтарында жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлері үшін 272 жұмыс орны ашылды. Осы шаралар мемлекеттік қызметтердің осы түрін көрсетуде азаматтардың жиналуын және халықтың әлеуметтік толқуын алдын алуға бағытталған.

*Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің жалақысына және жарғылық қызметіне жарнамалық және агенттік қызметтерді көрсетуді қосуға қатысты*

Қазіргі уақытта Мемлекеттік корпорация қызметкерлерін тоқсан сайынғы негізде рейтингілік бағалау нәтижелері бойынша ынталандыру мәселесін пысықтады. Осы мақсатта Мемлекеттік корпорацияның 2017 жылға арналған Даму жоспарында Мемлекеттік корпорацияның өз қаражаты есебінен қосымша қаражат бөлу көзделген.

Бұдан әрі Мемлекеттік корпорацияның дамуында екпіні оның кейбір сервистерін коммерцияландыруды көздейді, онда заңнамаға сәйкес жарнамалық және агенттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселесі қаралады, ол Мемлекеттік корпорация қызметкерлерін ынталандыру үшін қосымша қаржы көздерін қалыптастыруға және клиентке бағдарланған сервисті одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген тәсілдерді іске асыру жалпы халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін және сапасын арттыруға, сыбайлас жемқорлық пен бюрократтық сипаттағы кедергілерді едәуір азайтуға мүмкіндік береді деп пайымдаймыз.

**Б. Сағынтаев**